

7.1В-тарау: Желі және қауіпсіздік		Мектеп: Алматы қаласы Бостандық ауданы №88 жалпы білім беретін мектеп Информатика пән мұғалімі: Садыбекова М.С.	
Күні: 18.10.2018ж			
Сынып: 7 «А» сабақ 7		Қатысқан оқушылар саны: 18	қатыспағандар: жоқ
Сабақтың тақырыбы	Компьютерлік желілер және олардың жіктелуі		
Сабақ түрі	Жаңа сабақ		
Осы сабақ арқылы іске асатын оқыту мақсаттары	7.1.3.1- компьютерлік желілерді топтастыру		
Бағалау критерийлері	.Иерархиялық кестесін толтыру .Әр желіні территориялық жіктеуге сәйкес түсіндіреді.. .Түрлі компьютерлік желілерді салыстырады.		
Оқытудың тілдік мақсаты	<p>Барлық оқушылар: Өз жұмыстарын критериалды бағалайды (сөйлеу дағдысы) Пәнге қатысты лексика және терминология Компьютерлік желі, ғаламдық желі, жергілікті желі, кампусты желі, аймақтық желі, желі топологиясы, шина, сақина, жұлдызша</p> <p>Диалог құруға / жазылымға қажетті сөздер топтамасы: ... компьютерлік желі ... қолданылады, компьютерлік желі қолданылған уақытта... Компьютерлік желіні ұйымдастыру үшін ең жақсы таңдау...</p>		
Құндылықтарға баулу	<i>Құндылық: Тапсырманы орындауда өзара келісім, жұптық (топтық) жұмыс кезінде бір-біріне деген құрмет.</i>		
Пәнаралық байланыс	Сабақта пәнаралық байланыс жүзеге аспайды		
Алдыңғы білім	Оқушылар сымсыз байланыс туралы, желіде файл алмасуды біледі.		
Жоспар			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған әрекеттер		Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	1. Ұйымдастыру бөлімі.		Презентация
	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	
	Мотивация «Компьютерлер арасында мәлімет алмасу үшін нені қолданамыз? Оның қандай артықшылықтары бар? Оқу мақсаты мен бағалау критерийін талқылау ұсынылады	(С) Сұрақты, оқу мақсаты мен бағалау критерийін талқылайды.	Презентация
			Презентация

	<p>Миға шабуыл</p> <p>Суреттер топтамасын ұсынады (кешенді деңгей, кейін жеңіл деңгей, оқушы жауап бермеген кезде) ЖЕЛІ кілт сөзін анықтау үшін. Әрі қарай компьютерлік желі суреттер топтамасын ұсынады.</p>	<p>(С)Оқушылар суреттерді зерттеп, Желі кілт сөзін атайды.</p> <p>Оқушылар суреттерді зерттеп, КОМПЬЮТЕРЛІК ЖЕЛІ терминін атайды.</p>	Презентация
Сабақтың ортасы			
5 мин	<p>Теория</p> <p>территориялық тағайындауға сәйкес компьютерлік желілердің жіктелуін түсіндіреді.</p> <p>(Бағалау критеріі 1 , БК1,БК2)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Компьютер желілерін дұрыс жіктейді • Территориялық жіктеуге сәйкес желіні дұрыс атайды. 	<p>(Т) Әр жіктелуді топтарда талдайды</p> <p>☞ Дәптер: Жіктеу сызбасын жазады.</p>	Презентация
3 мин			Презентация
8 мин			Презентация
10 мин			Презентация
3 мин	<p>Қайталау:</p> <p>Компьютерлік желі дегеніміз не?</p> <p>Жергілікті желінің ғаламдық желіден айырмашылығы неде? (БК3)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жергілікті желіге дұрыс анықтама береді • Ғаламдық желіге дұрыс анықтама береді. 	<p>(С)Компьютерлік желі анықтамасын қалыптастырады.</p> <p>(Д)☞ Дәптер: Компьютерлік желі анықтамасын жазып алады.</p>	Презентация
			Презентация
2 мин	<p>«Жұмысшы станция және сервер» компьютерлік желі технологиясымен оның бір</p>	<p>(Т)Бір дәрежелі желі мен «жұмысшы станция-сервер» желісі арасындағы</p>	

	<p>дәрежелі желі айырмашылығымен таныстырып, компьютер-жұмысшы станцияның компьютер-сервермен өзара байланысын көрсетеді.</p> <p>(БКЗ)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бір дәрежелі желіге дұрыс анықтама береді • «жұмысшы станция-сервер» желісіне дұрыс анықтама береді. <p>Бір дәрежелі желі мен «жұмысшы станция-сервер» желісі арасындағы айырмашылықты дұрыс анықтайды</p>	<p>айырмашылық туралы мұғалім түсіндірмесінен кейін бір біріне түсіндіреді.</p>	
	<p>Компьютерлік желі топологиясын (шина, сақина, жұлдызша) көрсетеді.</p> <p>(БКЗ).</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бір дәрежелі желі үшін топология қолданысын дұрыс анықтайды • «жұмысшы станция-сервер» үшін топология қолданысын дұрыс анықтайды. 	<p>(С) «Топология» не екендігін талқылайды.</p> <p>Топология сызбасын талдай отырып, мұғалімнің түсіндірмесіне қатысады</p>	
	<p>Тапсырма. Егер сізде 4 компьютерден желі құру мүмкіндігі болса, қай топологияны қолданар едіңіз? Жауабыңызды түсіндіріңіз.</p>	<p>Жеке орындайды.</p> <p>Саралау: Қиындық сезінетін оқушыларға жұпта жұмыстануға мүмкіндік беруге болады.</p>	
	<p>Қайталау үшін территориялды жіктеудің бос сызбасын ұсынады.</p>	<p>Сызбаны жеке толтырып, желі жіктеуінің біреуіне анықтама береді .</p>	



(БК1).

Дескриптор:

- Территориялық жіктеу бойынша желінің төрт түрін дұрыс анықтайды

Сабақтың соңы
4 мин

10. Сабақты қорытындылау. Рефлексия.

Оқушыларға сұрақ.

Екі оң баға бер.

Сізге ұнаған сабақтың екі элементін стикерге жазыңыз.

«?» белгісін қойыңыз.

Қиындық тудырған бір элементті жазыңыз.

11. Үй тапсырмасы. «Жұлдызша» топологиясының суретін салыңыз. Сызбада компьютер-жұмысшы станция және компьютер-серверді белгілеңіз. Осы екі компьютер арасында ақпараттың қалай берілетіндігін бағыттауыш жебе арқылы көрсетіңіз.

«Рефлексия»
тақтасы

Қосымша ақпарат

Дифференциалды оқыту – Көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларды дамытуды қалай жоспарлайсыз?

Бағалау – оқушылардың оқуын тексеруді қалай жоспарлайсыз?

Пәнаралық байланыс

Басқаларынан бұрын жұмысн аяқтаған оқушылар үшін қосымша тапсырмалар

Практикалық тапсырмаларды орындау және есептерді шешу арқылы

Жүзеге аспайды

Қорытынды бағалау

Ең жақсы өткен екі тапсырманы атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)

1:

2:

Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқытуға және үйренуге қатысты)?

1:

2: